

**"Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 мамырдағы № 458 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 сәуірдегі № 339 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген министрліктер мен өзге де орталық атқарушы органдардың олардың аумақтық органдарындағы және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелеріндегі адам санын ескере отырып, штат санының лимиттерінде:

1 - б ө л і м д е :

«Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігі, оған ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік мекемелерді ескере отырып, оның ішінде:» деген жолдағы «1965,5» деген сандар «1705,5» деген сандармен ауыстырылсын;

«Қазақстан Республикасы Мәдениет министрлігіне ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:» деген жолдағы «1796,5» деген сандар «1584,5» деген сандармен ауыстырылсын;

м ы н а :

«

Орталық мемлекеттік мұрағат	63
Орталық мемлекеттік кино-фото құжаттар мен дыбыс жазбалары мұрағаты	16
Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама мұрағаты	16
Мемлекеттік мұрағаттардағы деректі материалдардың микрофото көшірмелерін жасау және қалпына келтіру орталық зертханасы	16
Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығы	9
Ұлттық археография және мәліметтану орталығы	22
Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты	70

»

деген жолдар алынып тасталсын;

«

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі, оның аумақтық органдарын және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерін ескере отырып, оның ішінде:	1180
--	------

»

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

«

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі, оның аумақтық органдарын және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерін ескере отырып, оның ішінде:	1013
--	------

» ;

мынадай мазмұндағы 28-бөліммен толықтырылсын:

«

28.	Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігі, оның аумақтық органдарын және ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелерін ескере отырып, оның ішінде:	427
	Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат агенттігіне ведомстволық бағыныстағы республикалық мемлекеттік мекемелер, оның ішінде:	212
	Орталық мемлекеттік мұрағат	63
	Орталық мемлекеттік кино-фото құжаттар мен дыбыс жазбалары мұрағаты	16
	Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама мұрағаты	16
	Мемлекеттік мұрағаттардағы деректі материалдардың микрофото көшірмелерін жасау және қалпына келтіру орталық зертханасы	16
	Құжаттану және мұрағат ісі жөніндегі ғылыми-техникалық ақпарат орталығы	9
	Ұлттық археография және мәліметтану орталығы	22
	Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты	70

» .

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*  
Премьер-Министрі                      *К. Мәсімов*